

АЛАШ МҰРАСЫ

## Милиционер қуғыннан қалай құтылды?

МНО Бауыржан БЕРІКҰЛЫ

Алаш милициясы құрамында елі үшін қызмет қылған тұлғалар туралы не білеміз? Оқырмандарымыз олар жайлы көбірек біле жүргені жөн. Өйткені, бұл біздің тарихымыз, қазақ топырағында «милиция» деген ұғымды ең алғаш қалыптастырған да осы алаштықтар.



Алаш милициясы құрамында офицерлік қызмет атқарған сондай сайыпқыран тұлғалардың бірі – Тәжмұхамбет Жалпақов. Ол 1897 жылы Орал облысы, Ілбішін уезі, Мәтеш болысының 8-ші ауылында дүниеге келген. Қазір ол жер Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданы деп аталады.

Тәжмұхамбет Темірұлы 1917 жылы болыстық орыс-қазақ мектебін тәмамдаған соң, Ғұрыевтегі екі кластық Романов орыс-қазақ училищесінде оқып, білімін толықтыра түседі. Білім қуған жас өрен одан соң Воронеж ер балалар фельдшерлік мектебін бітіреді. Мұнымен де тоқтап қалмай, 1918 жылы жазда Ғ. Мұхитов, Т. Бекмағанбетовпен бірге Ойылдағы тұңғыш қазақ кавалериялық юнкерлер мектебіне түседі. Осыдан кейін Тәжмұхамбет ұлт ісіне құлшына араласады.

1919 жылы юнкерлік мектепті тәмамдап, прапорщик шенін алып шыққаннан соң, Жымпиты ауданындағы Алаш полкінің

шаруашылық бөлімінде қызмет атқарады. Кәсіби біліктілігімен қоса тума талантының арқасында полктің штаб офицері болып тағайындалады. 1919 жылдың аяқ шенінде полкпен бірге Ойыл бекінісіне келеді. Бірақ, Алаш үшін жанып туған қыран ердің жолы бір сәтке тұйыққа тірелгендей... Бұлай дейтіміз Батыс Алаш Орда таратылған кезде, оның бірнеше офицерімен бірге Тәжмұхамбет те Орынбор қаласына айдалады. Алаш Ордаға қызмет еткен есіл ер Кеңес жұмыстарына да тартылады. Өйткені, ол тұста Тәжмұхамбет сияқты білікті, іскер маман жоқтың қасы еді. Осылайша жол тұйыққа тіреліп, Алаш Орда таратылған кезде ендігі елге септігі тиетін жалғыз жолы – үкімет жұмысын істеу болды.

1920 жылдың сәуір, желтоқсан айлары аралығында Қазақ өлкелік Төтенше комиссияның ерекше тапсырмалар жөніндегі комиссары болып жұмыс істеді. 1920-1921 жылдары Жымпиты уездік еңбек комитетінің жұмылдыру бөлімінің бастығы.

Қызыл армия құрамындағы ерлікті коммунистік эскадрон командирінің көмекшісі, Жымпиты уездік еріктілер отрядының командирі болып істейді. 1922-1924 жылдары Тайпак болыстық атқару комитетінің төрағасы, 1924-1928 жылдары Орал облыстық тұтынушылар одағы қоғамының нұсқаушысы болып қызмет атқарады. Осыдан кейін Т. Жалпақов еңбек демалысына шыққанша есеп саласында жергілікті тұтынушылар одағында, кеңшарда, кооперативтерде бухгалтерлік қызмет атқарған.

Сталин Алаш зиялыларын тұтастай жойып жатқан қанды 37-38 жылдары Т. Темірұлы Құдайдың күдіретімен құрыққа ілінбей аман қалады. Десе де, көргенінен көрмегені көп Тәжмұхамбетті алда Екінші дүниежүзілік соғыс күтін тұр еді. 1942-1945 жылдар аралығында ол соғысқа да қатысады. Жүз мыңдаған қазақтың басын жұтқан бұл соғыстан аман шығу Тәжмұхамбетке тағдыр тартқан ерекше сый болды. «Қырық жыл қырын болса да, ажалсыз адам өлмейді» деген осы шығар!

Сұм соғыстан соң Т. Темірұлы 1945-1952 жылдары Теректі аудандық тұтынушылар одағының, 1952-1956 жылдары Қаратөбе ауданындағы Аққозы жұмысшылар кооперативінің бас бухгалтері болып істеген. 1956 жылы зейнеткерлік демалысына шығып, өмірінің соңына дейін Аққозы кеңшарында тұрады.

Бір өкініштісі, осындай Алаш арыстарының табаны тиген, Қаратөбе сөзсіз өткізілген татар мешітінің бұл күнде жұрнағы да қалған жоқ. Дегенмен, Алаш рухын құрмет тұтқан азаматтар сол тарихи орынға орнатқан белгі тасқа «Ұлт теңдігін жалау етін, қазақ халқының жарқын болашағы үшін тәуелсіз ел болу жолында жанын пиде еткен Алаш қайраткерлерінің рухына арналады» деп қашап жазған. Осы ұлағатты сөзді оқыған жас ұрпақ Алаш арыстарын терең тани түсер, ешқашан ұмытпас!

АНТ БЕРУ

## Сеніммен берілген серт

Е. БЕКСЕЙІТОВ, Павлодар облысы

Тәуелсіздік күні қарсаңында Павлодар гарнизонының қатарын толтырған жаңа құрамның салтанатты ант қабылдау рәсімі өтті.

Жаңадан келген 19 жас маман тесті сәтті тапсырып, қажетті денешынықтыру деңгейін және медициналық комиссия іріктеуінен жақсы өтіп, салтанатты түрде Павлодар облысы Төтенше жағдайлар департаменті «Өрт сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ толық құқылы қызметкерлері атанды.

Азаматтық қорғау саласының жас қызметкерлері Қазақстан Республикасының халқына және Президентіне адал қызмет атқаратындарына ант берді.

Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлерінің қазақстандық ұйымы» қоғамдық бірлестік филиалының атынан К. Асқарова сөз сөйледі.

Ардагерлер кеңесінің төрайымы жас қызметкерлерді құттықтап, құтқару мамандығына адал болуға, облыс тұрғындарының қауіпсіздігін сақтауға атсалыса беріңдер деп тіледі. Қызметкерлерді ант қабылдауымен Павлодар облысы Төтенше жағдайлар департаменті «Өрт сөндіру және апаттық-құтқару жұмыстары қызметі» ММ бастығының орынбасары А. Аладаров құттықтады.

Айта кетейік, 2018 жылдың басынан гарнизон қатарын 84 жас қызметкер толықтырды.



ЖЫР ШАШУ

## ЖЕЛТОҚСАН АЛАУЫ

Мөлдіреген жастардың жас жанары,  
Жақындағты бір күш біздің араны.  
Алаңдағы еш қорғаныссыз жас қыздар,  
Тепкіленіп, ауыр халде барады.

Жас жігіттер астында қап сойылдың,  
Бас жарылып мұрыннан қан тамады.  
Түк кінәсіз алаңдағы жастардың,  
Тек еркіндік еді сонда талабы.

Қазағымды құл еткісі келгендер,  
Қайран елді қасқырдайын талады.  
«Ұлтым, елім, жерім» деді жас боздақ,  
Болса-дағы дене қанша жаралы.

Қыршын кетті іә сонда қанша адам,  
Болмай ешбір тірі қалар амалы.  
Қайран қазақ тарихта  
не көрмеді,  
Есті талай қиын күннің самалы.

Өз елінді өз перзентің басқарып,  
Ақырындап аяққа тұрып барады.  
Ал бірақ та өткен тарих,  
өткен күн,  
Көңілімізде мәңгілікке қалары.  
Еркіндікке себепкер де  
болған сол,  
Желтоқсанның мұзда жанған алауы.

## ҚАЗАҚ БОЛСАҢ...

Қазақ болсаң, иманды бол, текті бол,  
Әсиет етіп кеткен бабам – сол арман.  
Қазақ болсаң,  
Жәңбік бол, Керей бол,  
Құрылған ұлт, өскен ұрпақ солардан.

Қазақ болсаң, Амангелді, Сырым бол,  
Алаулаған ұлттық сезім жанардан.  
Қазақ болсаң,  
Құрманғазы, Біржан бол,  
Өткір тілмен тәуекелге бара алған.

Қазақ сондай текті халық ержүрек,  
Алпақ болған ежелден сұм харамнан.  
Қазақ болсаң,  
Абай, Мұхтар, Мағжан бол,  
Алапына ақыл сөзі таралған.

Қазақ болсаң,  
Қажымұқандай қайсар бол,  
Күш-қуаты кем түспейтін барыстан.  
Қазақ болсаң,  
Бауыржан бол, Талғат бол,  
Өткен қатал өмір дейтін ағыстан.

Қазақ болсаң, Оразәлі, Бекзат бол,  
Олар нағыз бек дарабоз жарысқан.  
Қазақ болсаң,  
Рысқұлбеков Қайрат бол,  
Өліп кеткен өршіл рухты намыстан.

Қазақ болсаң,  
Тоқтар, Талғат, Айдын бол,  
Жолды жалғап хабар алған ғарышпан.  
Қазақ болсаң,  
Қонаевтай дара бол,  
Болашақ деп талай дертпен алысқан.

Қазақ болсаң,  
Нұрұлтан бол кеменгер,  
Көшті бастап келе жатқан данышпан.  
Қазақ болсаң,  
Шырақбектей алып бол,  
Атындағы асқар білім ордадан  
Болашаққа жас курсанттар сан ұлқан.

Ерболат ЛАШЫН,  
ИМ Ш. Қабылбаев атындағы  
Қостанай Академиясының  
4-курс курсанты

АКЦИЯ

## Кешенді шара қорытындыланды

Астана қаласы Полиция департаментінің Жергілікті полиция қызметі басқармасы 25 қараша мен 10 желтоқсан аралығында мүдделі мемлекеттік органдар және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесе отырып, «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» ақпараттық акциясын өткізді.

«Полиция – әйелдерге отбасында зорлық-зомбылық көрсетуші (зорлықшыл) адамдармен де, сондай-ақ, күш көрсетулердің құрбандарымен (зардап шегуші) де бірлесіп әрекет ететін ең бірінші, көп жағдайда жалғыз ғана әлеуметтік институт», – дейді Астана қаласының ПД ЖПКБ ӘЗЗҚБ аға инспекторы, полиция майоры Ақмарал Серікбаева.

«Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн» республикалық акциясының ақпараттық науқанына 1000-нан астам адам қатысты. Оның ішінде, Астана қаласы ПД Жергілікті полиция қызметінің әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімше қызметкерлері, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелері, білім беру, денсаулық сақтау өкілдері, ҰЕҰ және т.б. болды.

Іс-шара аясында 150-ге жуық қоғамдық іс-шара, оның ішінде 50-ден астамы кәсіпорындар мен ұйымдарда, 70-тен астамы оқу орындарында, 2 брифинг, 15 тренинг, 5



дөңгелек үстел (оның ішінде 40-тан астам дәрістер мен әңгімелесуер) ұйымдастырылды.

Астана қаласы әкімдігінің «Үміт» дағдарыс орталығына 19 әйел жіберіліп, сонымен қатар, 28 әйел дағдарыс орталығында психологтардың көмегіне жүгінді.

Астана қаласы ПД Жергілікті полиция қызметі

ШЫҒАРУШЫ  
және МЕНШІК ІЕСІ:  
«Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер органдарының  
Медиа орталығы» ЖШС  
Бас директор  
Бимаханбет АСАНОВ  
Бас редактордың орынбасары  
Бану ӘДІЛЖАНОВА

РЕДАКЦИЯ:  
Бас редактор: Ескендір ТАСБОЛАТ  
Бас редактордың орынбасары: Жадыра ШАМУРАТОВА  
Ақпарат бөлімінің негізгершісі: Жадыра МЫРЗАХМЕТОВА  
Аға тілшісі: Бауыржан СЕГІЗБАЕВ

Басылым 27.02.2018 жылы ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы №16944 - Г куәлігі берілді  
• Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді  
• Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды  
• Редакция жатқан жауап беруге ниетті емес  
• Усынылған материалдағы фактілер үшін автор жауап береді  
• Фотосуреттердің сапасына редакция жауап береді  
• Редакцияның келісімісіз материалдарды көшіріп басуға тыйым салынады

Газет «Сақшы» компьютер және дизайн бөлімінде теріліп, қатталды.  
Басылым «Тәуелсіздік-Д» ЖШС баспаханасында басылады.  
Индекс: 65395  
Таралымы: 9 931  
Тапсырыс: №299

«Тәуелсіздік-Д» ЖШС-і  
Астана қаласы,  
Брусиловский көшесі,  
17/3, 407  
тел: 56-97-71  
Газет аптасына  
2 рет шығады.

БІЗДІҢ РЕКВИЗИТТЕР:  
ИИК - KZ74856000000147459  
БИК - KСЖКЗКХ  
БИН - 051040005963 КБЕ-16  
«БанкЦентрКредит» АҚФ  
РНН 600900114533

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:  
010000, Астана қаласы,  
Брусиловский көшесі, 17/3  
Телефон: 8(7172) 56-97-58,  
56-97-68 (ішкі нөмір 109)  
Эл. пошта: sakshy@mediaovd.kz

Компьютер және дизайн бөлімінің қызметкері: Мадина СҮЛЕЙМЕНОВА Корректор: Нұршақұл ӘШТІМБАЕВА Фототілшілер: Қанат КӨЛБАЕВ, Бек ИМЕКЕШОВ Нөмірдің кезекшісі: Бауыржан СЕГІЗБАЕВ